



СҮЛЕЙМЕН
БАЯЗИТОВ

БАСТАУ



СҮЛЕЙМЕН
БАЯЗИТОВ

БАСТАУ*

ӨЛЕҢДЕР

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ
Алматы — 1979

Қаз 2
Б 31

Баязитов С

Б 31 Бастау: Өлеңдер. — Алматы: Жалын,
1979. — 32 бет.

Сүлеймен өлеңдерінде шынайы сезім нәзік лиризм бар. Жас ақынның тырнақалды тәртібінен: нақ осы шыншылдық, сыршылдық нәзіктерімен тартымды.

Қаз 2

П $\frac{70403-198}{408(05)79}$ 248-79

© «Жалын» баспасы — 1979 ж.

АСЫҒЫП КЕЛЕМ

Асығып келем аңсарлы шағым — ертеңге,
Ертеңім менің тимеген тұяқ өртең бе!
Қырандар ұшқан асқар шың ойдың алабын
Оятып,
әсем жаңа бір әуен шертем бе?

Кім білсін, қандай туарын сірә, күн алда,
Мінекей саған жұмбақ та, тіпті күмән да,
Тәуекел етіп көзімді бір сәт жұмам да,
Өрлеймін шыңға,
сүңгимін түпсіз тұманға.

Ізденем мынау жаң сыры — жырым бағы үшін,
Азамат болу тағы сын.
Жалын боп жанып,

Ел үшін жұмыр жыр күйсам —
Жыр үшін ғана
Жаралған дерсің жаны шып.

ҚАРТ СОЛДАТ

Ерлігі үшін азаматты
Жер-көкке
Қыран құстай қалықтатса — құба-құп,
Адалдықты аманат қып жөргекте
Тапсырды ана,
Жымыды ұлан құп алып.
Сын сағатта келіп ширақ шешімге,
Қолына алған әр ісіне құт дарып,
Кір шалдырмай адам деген есімге,
Қалды әлемді жауыздардан құтқарып.

Ерлігі үшін азаматты
Жер-көкке,
Қыран құстай қалықтатса — құба-құп.
Алғы шепте қан төкпеді ол текке,
Бейбітшілік түсті өмірге құдалық.

АҒАМЕН СЫРЛАСУ...

Тыныштық түнеп әлемнің алып төсіне,
Көркейген елдің көбейген жарық кешіне,
Ағылған жұрттың аңсаған жаны бір өзін,
Түсіріп тұрдың от жылдар жырын есіне.

— Көкөрім кезде ел даңқын алыс ажайындар,
Естісін жастар,
Естісін жастық айбындар.
Сөйле, аға, дейді талайлар сені қолқалап,
Жүзінде шаттық,
жаныңды жеген қайғың бар.

«Одан да бері өтті ғой талай ай, жылдар,
Қолына тағы тас алған жерден қай мұңдар?
Қансырап өмір,
айналып тірлік қапасқа,
Лайланбаса екен, аққулар қонған айдындар!..»

Дедің де, баяу алдың сен, аға, күрсініп,
Чилиден жеткен хабардан жаның түршігіп.
...Сыздады ма екен сойқанды жылдар жарасы
Ішінде жатқан түншығып!

ОТАН

Дүниенің есігін

аштым, Отан,

сенде мен.

Адамға тән бақытқа, (сенің арқан), кенде емен.
Қыран көңіл көгінде шарықтамай тынбаған,
Жанарғау бар жанымда

жалын атып сөнбеген.

Қиырлардан естілер дауысымның ырғағы.
Жүрген жерім — игілік, қызыл дәннің қырманы.
Төрт түлікті өрбітсем

өрістерде қырдағы.

Суды бұрдым

шөлдеген күріштікке Сырдағы.

Қосмоста адамның ақ арманын аркалап,

Шарықтадым,

Төменде шыр айналды шар-тарап.

Атом — көлік, атом — от,

оқ емес деп қыратын.

Келем, Отан, атыңнан дүниеге жар сап-ақ.

Мына байтақ әлемге қадіріңді асырып.

Түнектегі елдерге ақ сәуле боп шашылып.

Армандайын адыммен келе жатсын Отаным,

Коммунистік қоғамға,

ертеңіне асығып.

* * *

Саған деген көңілдің қоңырауын мың қағып,
Ояу, ойлы көңілмен өр үніңді тындадык.
Жылдар сенің, Отаным, қанатынды қағайтын,
Жалынында оқ-оттың пісіп-қаттын шыңдалып.

Ғазиз ана сол жылдар от құшқанда өртеніп,
Аттандырған ерлерін қан майданға ел сеніп.
Әр түйір дән — дұшпанға атылатын қорғасын,
Әз аналар тау еді білек түрген белсеніп.

— Отан үшін!

Бұл ұран болған жеңіс байрағы,
Кескілескен майданның өтті аптасы, айлары.
Өрттен аман өзіңді алып шығып ұл-қызың,
Отыз үш жыл тұр күліп бейбіт өмір жайдары.

Қызықтаймын бүгін мен,

сенің жігіт тұлғанды,

Қаншама ару соғысқа жарын беріп тұл қалды.
Қан майданда бал дәурен балалығын жоғалтқан
Еркелеткім келеді ерте есейген ұлдарды.

Партия — жол бастарым,
Кемеңгерім,
Қаз тұрып өз саянда көгерді елім.
Асқарым көкте күндей,
Сен аман бол,
Әлемге бейбіт жырдың төк өрнегін.

Сен менің қиялыма канат берген,
Қомпасым —
Қалт баспайтын ашық зердем.
Шуағын дүниеге сәуле шашып,
Ерітті соғыс мұзын жұмыр жерден.

* * *

Жанарға сыймай жатырсың-ау,
Айдынды далам, ай далам.
Құрсанған күзде ақ қырау,
Атырабыңнан айналам.

Өзінде туып, сенде өстік,
Солқылдақ талдай көкөрім.
Қиындықпен де белдестік,
Қиял да кудық не көрім...

Айдынды далам, ай далам,
Аяшаңдай басам арқаңда.
Жазира мекен — жайдары әң,
Әлдилеп оят әр таңда.

КУТУЗОВ ЕСКЕРТКІШІ ТҮБІНДЕ

Патша-ағзамның жүрсен де назарына ілікпей,
Халық зары жүрекке
Тыным бермес үміттей,
Мазанды алып толғантып,
Тарттырған-ды ат жалын,
Ұлы Ресей орманы оранғанда от-жалын.

Жауға шаптың ту етіп
Туған елдің намысын,
Дедің: «Орыс қылышын дұшпан тәні танысын!»
Мәскваны

кетерде жауға тастап шегініп.

Жанарыңнан ыстық жас кетті ме екен тегіліп?
Ресейдің қырында қанға бөккен азалы
Болсын дедің, басқыншы жауыздардың ажалы!
Бұйрығынды екі етпей,
сарбаздарын лап қойып.

Табаныңа тастады

жау қылышын как бөліп.

Сол бір сәткі шаттық ба

атқа қамшы бастырған!

...Көзіме ыстық көрінді

Кей таныстан тас тұлғаң.

КҮЙ

Көңілдің көрік беріп көктеміне,
Домбыра тіл қатады өткеніне.
Күй тілі сыр еткендей саналыға,
Халқымның өткенін де, өскенін де.

Халықтың қалыбынан таңбағанын,
Қорлықтан ақ өлімді таңдағанын.
Әсем күй, ару қызды қатар сүйген,
Қайыспас қайсар ұлы паң даланын.

Мекенін дұшпанынан қорғағанын,
Бейбіт күн жарыстырып жорғаларын.
Досына дастарханын кең жайғанын,
Аңкылдал, базар етіп қолда барын.

Ерлігін, мәрттігі мен мырзалығын...
Қадаған адалдықтың қырға гүлін,
Бабамның бар болмысын сыр ғып шерткен,
Күдіреті-ай қос шектің ырғағының!

* * *

Өшіріп жаз бейнесін шырайынан,
Көк құрак,
 қызыл гүлден кыр айырылған.
Жайлаудың жазғы сәнін жоқтағандай
Қиқу сап ұшты құстар нұр — айдыннан.

Қоштасу құстарменен киын істей,
Сары күз өзекті өртер күйініштей,
Мен болсам
 әлденеге жабырқаймын,
Өткінші көң ойларды түйіп іштей.

Ісі жоқ табиғаттың меніменен,
Жел есіп,
 бұлт көшеді жөніменен.
Толқиды күз ырысы — дән дария,
Жағаға толқынымен төгіп өлең.

АҚЫН ДОСЫМА

Қырқатын тілін
күншілдік атты дүлейдін,
Телегей-теңіз
Қасымның жырын тілеймін.
Қиядан құлар
бастаудай мөлдір тыңбағын,
Жүректің тілі —
арыңның үнін тыңдағын.

Жасанту ләзім
жаңғыртып ойдың көшесін,
Туған ел үшін
жыр отын шабыт көсесін...
Алдында қырат,
ойлар да барын андағын,
Тұлпардың кей жұрт
көре алмай күндер шаңдағын.
Жүректі тырнар
сөздер де содан туындар,
Жасындай жастық,
жүректе жырдай туың бар.
Шағында шабыт
шарықтар мынау төгіл сен.
Жасындай ойнап өтемін
десең өмірден.

* * *

Жайы кеткен жанкүйер,
жаны күйіп безектеп,
Қай құдірет бұл шақта
көңіл құсын тежетпек,
Өңі қашып, ес кетіп,
сарқылғандай сабыры,
Әлде кімге жекиді ол:
«Әй, жігітім, тездет!» деп.

Ал ол жігіт жымиды
ұққандайын мән-жайды,
Аңсары ауып онын да,
күрес жайын андайды.
Қос палуан ортада
салды не бір өрнекті,
Қайрат пенен сымбатқа
қаксаң болар таңдайды.
Қарсыластан қайрат пен
асырсам деп айласын,
Түкті кілем үстінде
намыс-қазан қайнасын.
Өмір заңы көңілге қарамайды,
қайтерсің!
Жығыла ма күресте бақ жұлдызы тайған соң.
Жығыласың күресте
ащы терің төгілмей,

Күркіреген бұлт жиып,
көктемгі аспан көгіндей,
Қайратыңа мін, досым,
күрес сүйер беттіңі,
Сәтсіздікке бір сәттік
ебіл-себіл егілмей.

БӘЙГЕ

Келетіндей торысы,
Келетіндей топ жарып.
Деп күңкілдеп қояды ол:
— Осы жұртта жоқ парық!
Бәрінің де,
Бәрінің дәмесі бар бәйгеден,
Әлі-ақ көбі тұрар-ды
Айтқанымға тоқталып.
Қызғанғандай болармын.
Қызғанғандай бәйгені.
Асқан жеңбек айқаста мына топтан айбыны.
Бақ жұлдызы жанып тұр,
Біздің торы озады.
Табылар ма тап қазір ұғар қазақ әй, мұны!
Осыны айтып қалған-ды
Үндеместен шал тынып.
Жұрттікін — шік,
Шалық тұр

Өз асығын алшы ғып...

Жан күйердің жанына

жанарынан шоқ тастап,

Шаң жұтып жүр жүйріктер

қара терге малшынып,

Кең даланы билеген қан бәйгенің қызығы,

Жеткізбестей көрінген мәреңіздің сызығын,

Көктей басып торы өтті.

Оймен өлшеп шамасын,

Берген ғаділ бағасын,

Көріпкелдің өзі ғой

Мал өсірген түз ұлы.

Көріндерші жанымның мөлдірлігін,
Ақтарылар менің де келді күнім.
Сыншы уақыт, елеме жас жырымның
Толыспаған әлі де кемді күнін...

Сезіндерші жүректің тулағанын,
Шабыт жоқта шөлдеген кү даламын.
Шабытымның қайнары —
нұрлы өмір,
Адам — айдын,
айналам шулаған үн...

Таусылмайды аңсарлы ән айтылатын,
Көлшік емес көңілім жай тұнатын,
Төбіренген теңіз ғой аласұрған,
Тереңіне телміріп Ай тұратын...

* * *

Түрленеді табиғат,
Түрленеді,
Жанғырыққан жапанға көктем жетіп,
Қызыл-жасыл гүл толы қыр-белеңін
Тау бұлағы тасиды көктей өтіп.

Көктемдегі әсем ғой қырдың кеші,
Төскейінде сан түлік жамыраған.
Жүрегімнің дір етті жыр пернесі,
Сый ұсынып тұрғандай мамыр маған.

* * *

Көшеде келем,
Өмірден жырым сөз сұрап...
Шабытым — құлын,
Шабады шапшып шұрқырап.
Жер-ана дерсің сол сәтте мынау жүректі,
Ақ қайнар атқан бұрқырап.

Көшеде келем,
Жанымда жауһар жыр тұнып,
Көңілде кірбің
Күні өткен бөздей жыртылып.
Мөлдіреп тұр-ау бұл шақта менде мұхит — ой,
...Сәт екен дерсің дауылдан соңғы бір тымық.

СОҢҒЫ РЕТ...

Бозбала шақтың бозала таңы,
Қош енді!
Жастықтың жарқын
Жырымен тербеп көшенді,
Жалындай лаулап,
Жанымды менің өртеген,
Алшақтап барам,
Аяулы кезең, мен сенен.
Бозбала шағым,
Жүрегім мың сан жүдеген,
Жанымның жайын ұғатын ең-ау, «құда — өлең»,
Өкпем жоқ саған,
Жыр-қыздарымды айттырып
Ақ жаңбыр көңіл үдеген.
Ақ жаңбыр көңіл,
Арынын әр сәт басырмай,
Ойларды күңгірт
жанымнан жырақ қалтырғай.
Арымдай аппақ
сәулелі жырлар жарқ етсін,
Көкті бір тіліл,
күркіреп өткен жасындай.
Ал бүгін, міне,
Аспанды кезіп шарлаған,
Шырқалып тұр ғой көп күткен жүрек —
Арман ән.
Тамсана тыңдап

Тұра да қоймас бар ғалам,
Бұл менің саған жырым ғой, жаным, арнаған,
Ақтарылып жатқан ақ сезім атты арнадан.
Бозбала шақтың
Бозала таңы, қош енді!
Соңғы рет сенің
Қызықтап өттім көшеңді...



Көктемде көктеп көсегем,
Жасамыс жиһан жанғырса,
Махаббат шоғын көсеген
Жыр төкті жүрек жаңбырша

Көктеммен көңіл бірлесіп,
Жанымды тағы тербеді.
Аяулым менің — жыр бесік,
Өзінсін өмір өриегі.

Өзінсін жалпақ ғаламда
Жаныммен менің үндесер.
Өзінмен ғана бал арман
Өзегі талмай күн кешер.

ДӘРІГЕР

I

Дәрігер-ау,
сен боп сенімім,
Айқасып жаттым дертпенен.
Ажалға қияр мені кім?
Күйлерім көп ед шертпеген.

Тойымды

жұртым көп күткен
Атқарған жоқ ем,
арман-ай!
Тұтанып әлі жоқ біткен
Жанымда мынау қарғазай
Жанатын оттар,
шырақтар.
Сәулесін алыс шашатын.
Алға ұшқан арман — пырақтар,
Аяғын алшақ басатын...

II

Алдыңда мұңды ақтарып,
Жабығып мынау жатқаным,
Өзінді, дәрігер, хак танып.
Өмірдің сыйлар ақ танып.
Күлдің сен сол сәт, жаным-ау,
Солмапты өмір ажары!

— Еркінде — танып, танымау,
Алдында — тірлік базары.
Тартқызам өмір көкпарын,
Тек, бірақ

саған шартым бар:
Күдікке төгіп от-жалын,
Найзағай болып жарқыла.

III

Кім білген немен тынарын,
Өлім мен өмір арбасқан...
Сөнер ме көкте мына күн,
Ашылар ма екен әлде аспан.

Айта алман,
Пышақ сырылы,
Жүректің тұсын жанаған...
Жанымның естіп шырылын,
Минуттап өмір санаған.

Сәтімде, дәрігер — айбарлым,
Қолыңды құтты созып ең.
Күн барын,

алда ай барын,
Естіп мен сенің өзіңнен,
Жатты ғой жаным құлшынып,
Кезігіп қиял күндермен.
Қиянға сермер жыршы үміт,
Сыр ұғып жастық үндерден.

Атқанда тағы таң күліп.

Жасанып жаным,

жанғырып,

Өлімді жеңіп тұрдым мен,

Тұрдым мен көпті таң кылып.

Тұрдым мен саған тәңті боп,

Сын сағат солай тез өтті.

...Саянда сенің сан түлек

Сеніңмен жалғар өзекті.

ЖЫР ТӨГЕМІН

Демес ешкім үнімді —

өлендегі өгей үн,

Жеткенінше шамамның жыр маржанын төгейін.

Жыр сүйетін талайға

Ұнамасын, ұнармын,—

Жеткеніне қуанам ақыр бақты сынар күн.

Ақын үшін алыста,

астанадан төккен жыр —

Көп күттірген көктем бұл.

Жырмен елін әлдилеп

өткендерге бас иіп,

Дариядай тасын.

Тасын мен

көктемде өткел бермес өзендей,

Ерік бермес ерлердей қас жауына

өзі өлмей.

Махамбеттің

Өтсем де шар болатын кезенбей,

Жыр төкпеуге төзем бе!

ӘУЛИЕБҰЛАҚ

Құлаған таудан құлдырап төмен мөлдірім,
Болмасаң өзін тұрады неге елдігім.
Сусаған жандар киырдан құлап төсіне,
Тастаған екен белдігін.

Қана ішіп сонсоң
 сендегі мынау шәрбаттан,
Киялға бабам кең дүниені шарлатқан.
Татқанда сенен
 жадырап жаны талайдың,
Таңдайларына бал қатқан.

Әулие деп сені
 сүйсініп сонсоң атаған,
Кәусәрім — мирас,
 ескерткіш тектес атадан.
Аялап сені
 адамдар мынау күн көніл,
Өзің боп тасып көкіректерде жатады ән.

МАЗМУНЫ

Асығып келем	3
Қарт солдат	4
Ағамен сырласу	5
Отан	6
«Саян деген...»	7
«Партия — жол бастарым»	8
«Жанарға сыймай жатырсын-ау»	9
Кутузов ескерткіші түбінде	10
Күй	11
«Өшіріп жаз бейнесін шырайынан»	12
Акын досыма	13
«Жайы кеткен жан күйер...»	14
Бөйге	15
«Көріндерші жанымның мөлдірлігін»	17
«Түрленеді табиғат»	18
«Көшеде келем»	19
Соңғы рет	20
«Көктемде көктеп кәсегем»	22

Дәрігер	• • • • •	23
Мәди	• • • • •	26
«Ақжелең сынды»	• • • • •	27
Жыр төгемін	• • • • •	28
Әулиебұлақ	• • • • •	29

Серия «Первая книга»

Сулеймен Баязитов

ПЕРВАЯ КНИГА

(Стихи на казахском языке)

ИБ № 1061

Редактор *Е. Елубаев*. Художник *Б. Табылдыев*.
Худож. редактор *Б. Табылдыев*. Техн. редактор
О. Пегова. Корректор *Н. Досболова*. Сдано в на-
бор 03.01.79. Подписано к печати 7.08.79. УГ16313.
Формат 60×90¹/₂. Бумага тип. № 2. Гарнитура ли-
тературная. Печать высокая. Усл. п. л. 1,0. Уч.-
изд. л. 0,8. Тираж 6000 экз. Заказ 523. Цена 10 коп.
Издательство «Жалын» Государственного комитета
Казахской ССР по делам издательства, полигра-
фии и книжной торговли, 480003, г. Алма-Ата, ул.
Гоголя, 111. Полиграфкомбинат производственного
объединения полиграфических предприятий «КП-
ТАП» Государственного комитета Казахской ССР
по делам издательства, полиграфии и книжной
торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

10 т.

